

«№12 балабақша-бастауыш» мектеп» КММ

Тақырыбы: Пайдалы қазбалар жана ма?

Дайындаған: Калиакпарова А.С.
Сынып: 4 «Б»

Мектеп: 12 мектеп

Сабақ тақырыбы: Пайдалы қазбалар жана ма?

Күні: 17/02/2020

Мұғалімнің есімі: Калиакпарова А.С.

Сынып: 4 «Б»

Қатысқандар саны

Қатыспағандар саны

Сабаққа негізделген оқу мақсаты

4.3.4.1 кейбір пайдалы қазбалардың (бор, тұз, әктас, саз, мұнай, гранит, р, табиғи газ) қолданылу саласынанықтау
4.3.4.2 Қазақстанның негізгі пайдалы қазбалары өндірілетін кен орындарын картадан көрсету
4.1.2.2 алынған нәтижені оқушы таңдаған формада ұсыну

Сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар: Табиғат ресурстарының түрі мен көздерін анықтап алады, шығу тегі бойынша жіктей алады. Топырақтың құрамы мен қасиетін атай алады.

Оқушылардың басым бөлігі: Оқушылар Қазақстанда қандай пайдалы қазбалар өндірілетінін біледі, олардың кен орындарын шартты белгілерімен картадан көрсетеді. **Кейбір оқушылар:** Ақпарат көзін және жер өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізеді.

Бағалау

критерийлері:
(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)

-көмірдің (мұнайдың, саздың, граниттің) тұрмыста, шаруашылықта қолданысын атайды;
-Қазақстанның негізгі кен орындары туралы әңгімелейді.

Тілдік мақсаттар

Тілдік дағдылар:

-көмірдің (мұнайдың, саздың, граниттің) тұрмыста, шаруашылықта қолданысын атайды;
-Қазақстанның негізгі кен орындары туралы әңгімелейді.

Терминология:

Табиғат ресурстары, пайдалы қазбалар, кен орны, бор, тұз, әктас, саз, мұнай, көмір, кен, шахта, карьер, бұрғылау, ашық әдіс, жабық әдіс.

Сөз тіркестері:

Талқылау сұрақтары:

- Пайдалы қазбалар деген не?
- Қазақстанда қандай негізгі пайдалы қазбалар өндіріледі?
- Кен дегеніміз не?

Құндылықтарды дарыту

Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыстар

Математика, дүниетану, әдебиеттік оқу, көркем еңбек.

АКТ қолдану дағдылары

Интернет-ресурстар, дерекқордан және интернеттен сабаққа қатысты ақпаратты іздеу;

Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім


Оқушылар «табиғат ресурстары» ұғымын түсінеді. Табиғат ресурстарының түрі мен көздерін анықтай алады, шығу тегі бойынша жіктей алады. Топырақтың құрамы мен қасиетін атай алады.

Жоспар

Жоспарланған

Жоспарланған жаттығулар

Ресурстар

уақыт		
Басталуы	<p>Жаңа топ құру</p> <ul style="list-style-type: none"> • 1 топ. Көмір • 2 топ. Мұнай • 3 топ. Газ <p>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып жылулық шынжыры» жылулық шеңбері Балалар бір-бірінің қолдарынан ұстап, жылы күлкілерін сыйлайды. Педагог күлкінің маңызына тоқтайды. Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз!</p> <ul style="list-style-type: none"> ✚ Уақытты үнемдейміз! ✚ Нақты, дәл жауап береміз! ✚ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ✚ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <p><u>Алдыңғы білімді еске түсіру</u> <u>Талқылау сұрақтары:</u> - <u>Пайдалы қазбалар деген не?</u> - <u>Қазақстанда қандай негізгі пайдалы қазбалар өндіріледі?</u> - <u>Кен дегеніміз не?</u></p> <div data-bbox="260 891 821 1070" style="border: 1px solid black; padding: 5px;"> <p>Уқсастығы неде? Фотосуреттерге қара. Олардың әрқайсысында не бейнеленген?</p>  <p>Бұл ресурстардың ерекшелігі неде деп ойлайсың? Көмір, мұнай, газ – жанғыш пайдалы қазбалар.</p> </div>	<p>Оқушыларды топтарға бөлуге арналған суреттер.</p> <p>Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиім, кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары</p>
Орталық	<p>Жұмбақты шеш.</p> <p>1. Түсі қара, сұйық зат Тереңде жатады. Қазсаң атқылайды Жақсаң жанады Пайдаға жарайды. (Мұнай)</p> <p>2. Шахтадан оны қазамыз, Пешке салып жағамыз. Үлкен үйді жылытып, Рахатқа біз батамыз. Бұл не? Көмір</p> <p>3. Мөлдір, әрі түссіз, <u>Өзі табиғи отын. /Газ/</u></p> <p><u>Тапсырма:</u> <u>Зерттеу жұмысы. Топтық жұмыс</u> <i>1 топ: Көмір қандай зат?</i> <i>2 топ: Мұнай қандай зат?</i> <i>3 топ: Газ қандай зат?</i> <i>Зерттеу нәтижесін кесте түрінде көрсет.</i></p>	<p>Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиім, кері байланыс орнату.</p> <p>Белсенді оқу тапсырмалары.</p>

Критерий	Тапсырма	Балл
Зерттеу нәтижесін кесте түрінде көрсетеді: -көмір; -мұнай; -газ;	1	
		1
		1
		1

Ақпарат көзін және жеке өмірлік тәжірибесін қолданып, пайдалы қазбалардың тұрмыста, шаруашылықта қолданысы туралы зерттеу жүргізеді.

Түсі	Иісі	Ерігіштігі	Жылтырлығы	Қаттылығы
Көмір. Қара н/е қара сұр	-	-	+	Тас тәрізді
Мұнай: қара түсті	-	-	+	сұйық
Газ: көзге көрінбейді.	-	-	-	-

Бейне ролик. Білім ленд

Мәтінмен жұмыс.

Көмір миллиондаған жылдар бұрын бірінің үстіне бірі құлап, нығыздалған, шіріп, тас жынысқа айналған ежелгі орман ағаштарынан пайда болған. Көмір тұрмыста отын ретінде пайдаланылады. Одан лак, сыр, пластмасса, иісу, дәрі-дәрмек жасайтын заттар алынады. Көмірді Қарағанды мен Екібастұз кен орындарынан өндіреді. Қарағандыда шахтадан, Екібастұзда ашық әдіспен карьерлерден қазып алады. Мұнай теңіз бен мұхит астындағы тірі ағзалардың шіріген қалдықтарынан түзілген. Мұнайдан бензин, керосин, дизельді отын, парафин, лак, синтетикалық талшықтар және басқа да көптеген бағалы заттар жасалады. Мұнай Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары аймағындағы кен орындарынан өндіріледі. Еліміздегі ең ірі мұнай кен орны – Қашаған. Ол 2000 жылы ашылды. Қашаған еліміздің батысында, Атырау қаласынан 80 шақырым жерде орналасқан. Табиғи газ мұнай кен орындарынан өндіріледі. Газ шығатын ірі кен орындары – Қарашығанақ, Қашаған, Теңіз. Бұл пайдалы қазбалардың шартты белгісін картадан көре аламыз.

Картамен жұмыс. Пайдалы қазбаларқай өңірде пайда болғанын көрсет.



Түрлі түсті суреттері бар журналдар, флипчарт, желім

Оқушылар сабақтан алған әсерлерін кері байланыс парағы тапсырмалары арқылы білдіре алады.

Аяқт алуы

Критерий	Тапсырма	Балл
Пайдалы қазбаларқай өңірде пайда болғанын көрсет. (+)белгілейді; -көмір- Қарағанды мен Екібастұз -мұнай-Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе,Батыс Қазақстан, Қызылорда -газ-Қарашығанақ, Қашаған, Теңіз	2	
		1
		1
		1

2-тапсырма: Дәптермен жұмыс. Жеке жұмыс.Берілген ресурстардан жанғыш пайдалы қазбаларды +табады:

Критерий	Тапсырма	Балл
Берілген ресурстарды жанғыш пайдалы қазбаларды (+)белгілейді; -көмір; -мұнай; -керосин;	3	
		1
		1
		1

3-тапсырма: Қазбалардың қасиеттерінің сипатамасына сәйкес келетін жауап нұсқасын таңдайды.Таңдаған ұяшықты түрлі түсті бояу қарындаштармен бояйды.

Критерий	Тапсырма	Балл
Қазбалардың қасиеттерінің сипаттамасына сәйкес келетін нұсқасын таңдайды,Таңдаған ұяшықты түрлі түсті бояу қарындашпен бояйды., -көмір; -мұнай; -газ;	4	
		1
		1
		1

Сергіту сәті: Кахут ойыны



Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда)
«СМС» кері байланыс.



